

## 2012 жылға Баянауыл ауданында жастар тәжірибесін ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 15 ақпандағы N 52 /2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 14 наурызда N 12-5-104 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 28 маусымдағы N 210/06 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімдігінің 28.06.2013 N 210/06 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-7) тармақшасына, 18-2-бабына және "Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 316 қаулысына сәйкес Баянауыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қосымшаға сәйкес 2012 жылы Баянауыл ауданында жастар тәжірибесінен өту үшін жұмыс орындары ұйымдастырылсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.К. Тоғжігітоваға жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Е. Әйткенов*

Б а я н а у ы л а у д а н ә к і м д і г і н і н ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 1 5 а қ п а н д а ғ ы  
N 5 2 / 2 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## 2012 жылы Баянауыл ауданында жастар тәжірибесін өту үшін жұмыс орындары

№	Жұмыс берушінің атауы	Мамандығы	Жұмыс орындарының жоспарланған саны	Жастар тәжірибесінің мерзімі ұзақтығы (ай)	Айлық жалақы мөлшері
1	Аудандық "Баянтау" газетінің редакциясы КМКК	тілші	1	6 ай	26000

2	"Баянауыл ауданының жер қатынастары бөлімі" ММ	экономист-есепші	1	6 ай	26000
3	"Баянауыл ауданының қаржы бөлімі" ММ	экономист-есепші	1	6 ай	26000
4	"Баянауыл ауданының әділет басқармасы" ММ	заңгер	1	6 ай	26000
5	"Баянауыл ауданының білім бөлімі" ММ	мұрағат-ісі	1	6 ай	26000
6	"Баянауыл ауданы әкімінің аппараты" ММ	қазақ тілі пәнінің мұғалімі	1	6 ай	26000
		заңгер	1	6 ай	26000
7	"Майқайың кентінің әкімінің аппараты" ММ	Мемлекеттік және жергілікті басқару	3	6 ай	26000
	Барлығы		10		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК